

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

БЕГДАУЛЕТОВА Қ.Д., МАНТАЕВА Т.С.

МӘДЕНИЕТТАНУ

(Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына
арналған оқу құрал)

Шымкент, 2022

УДК 008(075.8)

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық Кеңесі баспаға ұсынған (№5 хаттама, 29.04.2022 ж.).

Рецензенттер:

Философия ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Кемелбеков Қ.Б.

Философия ғылымдарының кандидаты, доцент Тұрашбеков А.Қ.

Философия ғылымдарының кандидаты, доцент Сыздықова Г.М.

Бегдаулетова Қ.Д., Мантаева Т.С. Мәдениеттану (Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына арналған оқу құрал). – Шымкент, 2022–136 б.

Адамзат тарихында қоғам уақыт өткен сайын түбегейлі өзгерістерге ұшырап, өз құндылықтарын ой елегінен қайта өткізіп, рухани жаңғыруға даңғыл жол ашуда. Бүгінгі таңда Мәдениеттану пәнінің өзекті мәселелерін, әсіресе, бұрыннан қалыптасқан мәдени құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Әлеуметтік-саяси білімдер модулінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізінде дайындалған оқу құралының негізгі тұжырымдары мен қағидалары елімізде мәдениеттану, этика, философия пәндерін оқытуда және мәдениет тарихына байланысты арнаулы курстарды дайындауға көмегін береді.

© Бегдаулетова Қ.Д., Мантаева Т.С. 2022

АЛҒЫ СӨЗ

Мәдениеттану - бұл мәдениет туралы ғылым. Мәдениет адам дамуының феномені болып табылады. Мәдениеттану пәні - мәдениеттің феноменін адамдардың тарихи - әлеуметтік тәжірибесі ретінде зерттеу, ол олардың қызметінің ерекше нормаларында, заңдары мен сипаттарында жүзеге асырылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері өркениеттіліктің әлемдік озық үлгілерімен бірегейлену және ұлттық мәдениетті заман талаптарына сай жаңғырту еліміздің рухани саладағы басты міндеттерінің бірі болып келді. Бұл бағытта мемлекет тарапынан біршама пәрменді шаралар да (2000 жылды – «Мәдениет жылы» деп жариялау, 2005-2007 жылдарға белгіленген «Мәдени мұра» бағдарламасы, т.т.) айқындалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік-саяси білімдер модулінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізінде дайындалған оқу-әдістемелік құралдың актуальдылығы қазақ мәдениеті тарихындағы ерекше құбылыстар мен басым бағдарларға байланысты. Бұл жерде алысқа бармай-ақ, Қазақстанды Ресеймен салыстыруға болады. Тоталитарлық жүйе құрдымға кеткеннен кейін, Ресейде мәдениеттану пәні өте жылдам дамуды басынан өткізді. Бұл пән бойынша жүздеген монографиялар мен кітаптар жарияланды, мәдениеттану ғылымдарының кандидаттары мен докторлары қаулап өсті, теледидардан осы мәселеге қатысты арна ашылды. Осының бәрі түсінікті де. Идеологиялық шектеулер алынып тасталған соң Ресей мәдениеттануы өзінің ұлттық негізіне қайтып келді. Қазақстан жағдайында саяси тәуелсіздіктен бірден мәдени егемендікке жету мүмкін емес еді. Өйткені қазақтың төлтума мәдениеті соңғы үш ғасырда бодандық ділдің құрсауында болып келді. Әрине, қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдері (Зар заман ақындары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Мағжан ж.т.б.) қазақтың ұлттық мәдениетін осындай жағдайда да жоғары деңгейде дамыта алды. Бірақ, бір нәрсе айқын - өз тізгіні емес халықта мәдениеттің өзіндік санасы (ілімі) дами алмайды. Осыған ХХ ғасырдың басында қалыптасқан мәдениеттанудың қазақ топырағына тек аталған ғасырдың 90-шы жылдарында ғана жетуі куә.

Оқу құралдың **мақсаты** «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мәнмәтінінде (контекстінде)

білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады.

Оқу құралдың міндеттері:

- негізгі әлеуметтанулық, саяси, гуманитарлық ұғымдарды, қоғам мен оның кіші жүйелерін зерттеуге арналған теориялар мен тәсілдерді меңгеру;

- білім алушылардың әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық ақпарат алудың негізгі көздері мен әдістерін игеру;

- әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық білімді кәсіптік қызметте пайдалану дағдыларын үйрету;

- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру және оны практикада қолдану мүмкіндігі.

Оқу құралда «Мәдениеттану» пәнінің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттері көрсетілген. «Мәдениет» сөзінің шығу тарихынан бастау ала келіп, мәдениет морфологиясын, семиотикасын, анатомиясын, т.б. пән бойынша қамтылатын мәселелердің мазмұнын білім алушыларға жан-жақты оқытып таныстыру міндеті қойылған.

Адамзат тарихында қоғам уақыт өткен сайын түбегейлі өзгерістерге ұшырап, өз құндылықтарын ой елегінен қайта өткізіп, рухани жаңғыруға даңғыл жол ашуда. Сондықтан бүгінгі таңда өркендеп келе жатқан Мәдениеттану пәнінің өзекті мәселелерін, әсіресе, бұрыннан қалыптасқан мәдени құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Сыздарлы кезеңдердің талқысынан өтіп қана қоймай, осы бір тарихи дәуірлердің рухын жинақтап, мейлінше бай тәжірибе - тағылымды өз бойына сіңіре білген, өзінің сан - сапалық қасиеттерімен ерекшеленетін «мәдениет» атты ұғымның бағзы замандардан-ақ адамзат баласының зерттеу және оқып-білу объектісіне айналғандығы ақиқат.

Қазіргі таңдағы жедел даму үстіндегі ғылыми - техникалық прогресс пен технологиялар талабынан өз кәсіби мамандықтарын жете меңгерген, нарықтық замандағы өмір шындығына икемделген, қоғамдағы өз орнын түсіне білетін, ХХІ ғасырдың жас білікті, білімді, мәдениетті педагог мамандарын даярлау қажеттілігі туындап отыр.

«Мәдениеттану» пәнінің басқа гуманитарлық пәндерден ерекшелігі жас мамандарды біртұтас және жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруда олардың бойларына өзіндік қабілеттері мен табиғи қасиеттерін барынша дамытатын, өркениеттілік құндылықтарға негізделген білімді дарытып, өзіндік рухани жетілу жолдарын қалыптастыруда уақыт ағымымен өзгеріп отыратын материалдық

және рухани мәдениеттермен, рухани-адамгершіліктік, мәдени-құндылықтық бағдарлармен сусындандыру болып табылады.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
Кіріспе. Мәдениет морфологиясы	6
Мәдениет тілі.....	17
Мәдениет семиотикасы.....	28
Мәдениет анатомиясы.....	33
Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті.....	43
Арғытүркілердің мәдени мұрасы.....	53
Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті.....	59
Түркілердің мәдени мұрасы.....	64
Қазақ мәдениетінің қалыптасуы.....	68
XVIII ғ. – XIX ғ. соңы аралығындағы қазақ мәдениеті.....	75
XX ғасырдағы қазақ мәдениеті.....	83
Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті.....	88
Жаһандану аясындағы қазақ мәдениеті.....	96
Қазақстанның мәдени саясаты.....	103
«Мәдени мұра» Мемлекеттік Бағдарламасы.....	109
Глоссарий	116
Тесттер.....	124